

Хаттама № 3

Қыркүйек айының 131-жүлдөзында «Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» КММ-сі жаңынан құрылған Қамқоршылық кеңесінің жиналысы болып өтті.

Жиналысқа қатысуға тиіс мүшелер: 9

Катысқаны: 9 мүше және (Білім беру ұйымының басшысы) Қ.Жазықов атындағы орта мектебінің директоры Ф.Казиева

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Откен оку жылының негізгі қорытындысы
2. «Мектепке жол» акциясының өту барысы.
3. Ағымдағы мәселелер

Тындалды:

1. Қ.Жазықов атындағы орта мектебінің директоры – Ф.Казиева.

Биылғы оку жылын 181 окушымен бастадық. Осы окушылардың отбасыларының әлеуметтік жағдайлары тексеріле келе 21 окушы ыстық тамақпен қамтуға тартылды. Мектептегі кітап коры да жеткілікті. Кейбір жетіспейтін пән окулықтарымен бірінші кезекте осы жартылай жетім, көп балалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары қамтылады.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша да айта кетті. Күн тәртібіндегі мәселеден де ауытқып айтар болсам, күнде өздерініз әлеуметтік желілерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп жүрген. мектеп жасындағы балалардың катысуымен болып жаткан түрлі қылмыстар. құқық бұзушылықтар қоғамға кері әсерін тигізіп отыр. Сондай жәйттердің біздің балаларымыздың санасына да кері ой салуы мүмкін, Сондыктан ол көріністердің түбі өз бастарына зиян болып тиетінін, зан алдында жауап беретінін айтып, ондай жағдайлардан аулақ жүрулерін ескертіп отырыныздар. Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты түрлі жұмыстар жүргізілуде. Ақпараттық түсіндіру, кенес беру, бос уақыттарын тиімді өткізу, тіпті окушылардың түнгі мезгілде көшеде жүрмеулері үшінде кезекшілік койылып, сол кестеге сай мұғалімдер окушылардың көшеде себепсіз жүрмеулерін қадағалайды. Енді, сіздерде ата-аналарға ескерте жүрініздер- деп тапсырды.

2. Жұбаналина Нұрбібі (қәсіпкер). Биылғы оку жылында жүргізген мектеп жұмысын жаксы деп бағалаймын. Кейбір шаруаларға өзімізben ақылдаса отырып, шешім қабылдадыныздар. Олар жадымызда, әрдайым бірлесе жұмыс жасай берейік. Жағдайы төмен отбасының балаларына қолдау көрсетіп, киім алып беріп отырған жаңағыдай компания ұжымына, мұғалімдерге өзімнің атынан, осы кенес мүшелері атынан раҳмет айтамын! Жаңағы айтып отырған, балалардың катысуымен болатын неше түрлі айуандықтарды көріп жүргегіміз ауырады. Балаларыма айтып отырам «Ондайдан аулақ болындар, олар өз өмірлеріне өз қолдарымен балта шауып жатыр»- деп. Сіздердің жұмыстарыңа сәттілік тілеймін.

3. Тәжіғалиев Нұрбол (ата-ана)

Атқарылған жұмыстарының есебін тындадық, «жақсы» деп бағалаймын. Алда да жасалатын жұмыстарына сәттілік тілеймін. Келесі құқықбұзушылық туралы да дұрыс айттыңыз. Ауылымыз кішкентай балаларымыздан ондай шықпайды деп ойлаймын. Дегенмен қадағалап отырғанымыз жән. Алдын алу шаралары жүргізіліп отыруы керек. Ол үнемі назарда болуы керек. Дұрыс айтасыз, бізде атсалысамыз.

4. Мырзалина Гүлнара (кенес төрайымы) Мектепте атқарылған жұмыстарынызды баян еттініз, мен таныспын, себебі, мен мектеппен тығыз байланыстамын десемде болады. Шаршаманыздар ел мұддесі үшін, ел баласы үшін атқарып отырған жұмыстарының сәттілік тілеймін және раҳмет айтамын. Алда да атқарылар шараларға, шаруаларға ақыл-кенесімізді, көмегімізді аямаймыз, осы камкоршылық кеңесі мүшелері де сіздермен бірге...

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді талдай келе қаулы етеді:

1. 2022-2023 оку жылдарында атқарылған жұмыстар «жақсы» деп бағалансын.

2. «Мектепке жол» акциясы өте жақсы ұйымдастырылған деп танылсын.

Кенес төрайымы:

Кенес мүшелері:

Г.Б.Мырзалина

Н.А.Жұбаналина

Ж.Д.Өтешова

Г.С.Дүсіпова

Г.А.Асанова

И.Н.Нұрмажанбетов

Н.У.Тәжіғалиев

Ш.Н.Тубекова

З.П.Тлеумаганбетова